БЕКІТЕМІН
«El Umiti» қоры»
корпоративтік қорының
басқарушы директоры
_______А.Хаматдинова
2024 жылғы «01» наурыз

**«Үздік психолог – 2024 жыл новаторы»**
**республикалық онлайн кәсіби шеберлік байқауы туралы**
**ЕРЕЖЕ**

## 1. Жалпы ережелер

1.1. «El Umiti» қоры» корпоративтік қоры «Үздік психолог – 2024 жыл новаторы» республикалық онлайн кәсіби байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізеді.
1.2. Осы Ереже байқауды өткізудің негізгі міндеттері мен тәртібін айқындайды.
1.3. Байқау педагог-психологтардың кәсіби деңгейін арттыруға және шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға, баланың әлеуметтік, эмоционалдық және академиялық дамуын ынталандыруға бағытталған позитивті психологияны насихаттауға бағытталған.
1.4. Байқау мектеп оқушыларының бойында «XXI ғасыр дағдыларын» дамыту бойынша әлеуметтік-психологиялық қызметті жандандыруға, қазақстандық балалардың зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған.
1.5. Байқау отандық білім берудің гуманистік бағытын, тиімділігін, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.
1.6. Байқаудың басты шарты білім беру ұйымдарының педагог-психологтарының психологиялық-педагогикалық идеяларымен, тәжірибесімен, жобаларымен, шығармашылық қызметінің нәтижелерімен алмасу болып табылады.
1.7. Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес әзірленген.

## 2. Байқау мақсаттары мен міндеттері

2.1. Байқаудың негізгі мақсаты-жұмыста кәсіби құзыреттіліктер мен инновациялық тәсілдерді меңгерудің жоғары деңгейін көрсететін талантты, шығармашылықпен жұмыс істейтін психологтарды анықтау, қолдау және ынталандыру.
2.2. Байқаудың негізгі міндеттері:
- байқауға қатысушылардың шығармашылық әлеуетін ашу және кәсіби шеберлігін арттыруға көмектесу;
- қазіргі балалардың қабілеттері мен жеке тұлғалық әлеуетін дамытуда психологтардың үздік тәжірибесін анықтау;
- инновациялық тәсілді, тиімді стратегияларды іздеу және белсендіру, сондай-ақ психологтардың шығармашылық әлеуетін ынталандыру;
-үздік психологиялық-педагогикалық тәжірибелер мен инновациялық технологияларды қайталау.

## 3. Байқауға қатысушылар

3.1. Байқауға үш категория бойынша жұмыс өтілі бар орта білім беру ұйымдарының, мектепке дейінгі балалар ұйымдарының, «Qabilet» өңірлік қызметтерінің педагог-психологтары қатыса алады:
- 3 жылға дейін;
- 3-тен 7 жылға дейін;
- 7 жылдан және одан да көп жыл.

**I кезең** - 3 жылға дейін жұмыс өтілі бар педагог-психологтар.
Қатысушылардың осы тобына байқау тапсырмаларын орындау барысында мыналарды көрсетуі қажет:
- кәсіби қызметіне деген ынта;
- психология бойынша теориялық білім;
- сөйлеу мәдениеті.

**II кезең** - 3-7 жыл жұмыс өтілі бар педагог-психологтар.
Қатысушылардың осы тобына байқау тапсырмаларын орындау барысында мыналарды көрсетуі қажет:
- кәсіби эрудиция;
- зерттеу қабілеті;
- кәсіби шеберлік деңгейі (балалармен, педагогтармен, ата-аналармен жұмыс істей білу).

**III кезең** - 7 және одан да көп жыл жұмыс өтілі бар педагог-психологтар.
Осы категорияның қатысушылары кәсіби шеберліктің ғылыми-тәжірибелік деңгейін көрсетеді:
- әдістемелік дайындық;
- өз қызметін жобалай білу;
- заманауи ақпараттық технологияларды шығармашылықпен меңгеру.

Байқаудың қорытынды II кезеңіне I іріктеу кезеңінен өткен педагог-психологтар қатысады.

## 4. Байқаудың кезеңдері мен мазмұны

Байқау мазмұны нақты білім беру үдерісі жағдайында кәсіби шеберлігін, педагог-психологтың кәсіби қасиеттерін шығармашылықпен жүзеге асыру және белсенді түрде жүзеге асыру қабілетін, білім беру үдерісіндегі психологиялық міндеттерді шешу және жобалау қабілетін көрсетуге мүмкіндік беретін тапсырмаларды көздейді.

I кезең – өңірлік (іріктеу), «Дарын» өңірлік орталықтары өткізеді.
Өңірлік кезеңде, әр сатыда 1 орын алған педагог-психологтар қорытынды (сырттай), II кезеңге жіберіледі.

Іріктеу кезеңіндегі әр сатыдан ең жоғары балл жинаған және бірінші орын алған 1 психолог II кезеңге, байқаудың қорытынды кезеңіне жіберіледі, оны «El Umiti» қоры» корпоративтік қоры онлайн форматта өткізеді.

***Байқауға тәжірибеде сыналған және практикада қолдану нәтижесі бар жұмыстар ғана ұсынылады.***

## 5. Байқауды ұйымдастыру

Байқауды дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін республикалық ұйымдастыру комитеті құрылады. Қазылар алқасының құрамын ұйымдастыру комитеті бекітеді.

Ұйымдастыру комитеті Байқаудың қорытынды кезеңін дайындауға және өткізуге тікелей басшылық жасайды, қазылар алқасының құрамын, Байқаудың қорытынды кезеңінің бағдарламасын бекітеді, Байқаудың қорытындысын шығарады және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

## 6. Байқаудың қорытындысын шығару

Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы Байқау жеңімпаздарын анықтайды.

Жеңімпаздарды марапаттау шарасы Астана қаласында салтанатты түрде өтеді. Жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар мен жүлдегерлер I, II, III дәрежелі «Үздік психолог – 2024 жыл новаторы» дипломдарымен, «El Umiti» қоры» корпоративтік қорының грамоталарымен марапатталады. 1-орын алған жеңімпаз «El Umiti» оры» корпоративтік қоры есебінен білім беру семинары курсына халықаралық сапарға шығу түріндегі бас жүлдені жеңіп алады.

Қазылар алқасының бағалауы бойынша үздік атанған шеберлік сабақтары «El Umiti» қоры» корпоративтік қорының Youtube арнасында https://www.youtube.com/results?search_query=El+umiti жарияланады.

**Қосымша**

**3 жылға дейінгі еңбек өтілі бар педагог-психологтар мен психологтарға арналған тапсырмалар**

**І кезеңде (іріктеу):**
***1) Педагог-психолог, психолог портфолиосы***
Бағалау критерийлері:
- материалдардың өзектілігі мен қажеттілігі;
- Түпнұсқалық, тұтастық, мазмұндылық;
- жаңашылдығы және практикалық бағыты;
- ғылыми негізділігі және сауаттылық;
- «4К» қабілеттілік диагностикасынан өткен балалардың нәтижелілігіне мониторинг жүргізу.
**2) *«Визит карточкасы»***
Қатысушылар өздерінің кәсіби жағын қызықты түрде таныстырып, бірегейлігін, шығармашылығын, көшбасшылық қасиеттерін және т. б. көрсетуі қажет.
Бағалау критерийлері:
- психологияның мазмұнын, әдістерін меңгеру;
- шығармашылық;
- кәсіби шеберлік;
- сахналық шеберлік;
Берілетін уақыт-5-7 минут.

**ІІ кезеңде (қорытынды):**
**1) *Педагог-психолог, психолог портфолиосы***
*Бағалау критерийлері:*
- ұсынылған ғылыми-әдістемелік материалдың өзектілігі;
- материал мазмұнының пысықталу деңгейі;
- заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану;
- ұсынылған материалдардың нәтижелілігіне мониторинг жүргізу;
- «4К» қабілеттілік диагностикасынан өткен балалардың нәтижелілігінің мониторингі.
**2) *XXI ғасырдың дағдыларын дамыту бойынша психологиялық сабақтар (шеберлік сабақтарын) өткізу.***
Өткізу түрі: XXI ғасырдың дағдыларын дамыту бойынша психологиялық сабақтарды өткізу тәжірибесін көрсететін балалармен өткізілген сабақтың бейнеролигі. Уақыты - 15 минут.
*Бағалау критерийлері:*
- таңдалған тақырыптың мазмұны;
- жалпы және кәсіби эрудиция;
- шығармашылық ойлау, креативтілік;
- сөйлеу мәдениеті.

**3-7 жылға дейін еңбек өтілі бар педагог- психологтар мен психологтарға арналған тапсырмалар**

**I кезеңде (іріктеу):**

***1) Педагог-психолог, психолог портфолиосы***

Бағалау критерийлері:
- материалдардың өзектілігі мен қажеттілігі;
- тұпнұсқалық, тұтастық, мазмұндылық;
- жаңашылдығы және практикалық бағыты;
- ғылыми негізділігі және сауаттылық;
- «4К» қабілеттілік диагностикасынан өткен балалардың нәтижелілігіне мониторинг жүргізу.

**2) *«Визит карточкасы»***

Қатысушылар өздерінің кәсіби жағын қызықты түрде таныстырып, бірегейлігін, шығармашылығын, көшбасшылық қасиеттерін және т. б. көрсетуі қажет.

*Бағалау критерийлері:*
- психологияның мазмұнын, әдістерін меңгеру;
- шығармашылық;
- креативтілік;
- кәсіби шеберлік;

Берілетін уақыт-5-7 минут.

**II кезеңде (қорытынды):**

***1) Педагог-психолог, психолог портфолиосы***

*Бағалау критерийлері:*
- ұсынылған ғылыми-әдістемелік материалдың өзектілігі;
- материал мазмұнының пысықталу деңгейі;
- заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану;
- ұсынылған материалдардың нәтижелілігін мониторингілеу.
- «4К» қабілеттілік диагностикасынан өткен балалардың нәтижелілігіне мониторинг жүргізу.

***2) Заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, психологиялық сабақ (шеберлік сабағы) өткізу***

Өткізу түрі: XXI ғасырдың дағдыларды дамыту бағдарламасын жүзеге асыру барысында ақпараттық технологияларды қолдану тәжірибесін көрсететін балалармен сабақтың бейнеролигі. Уақыты-15 минут.

*Бағалау критерийлері:*
- таңдалған тақырыптың мазмұны;
- жалпы және кәсіби эрудиция;
- шығармашылық ойлау, креативтілік;
- кәсіби шеберлік.

**7 жыл немесе одан да көп еңбек өтілі бар педагог- психологтар мен психологтарға арналған тапсырмалар**

**I кезеңде (іріктеу):**

***1) Педагог-психолог, психолог портфолиосы***

*Бағалау критерийлері:*

- материалдардың өзектілігі мен қажеттілігі;
- түпнұсқалық, тұтастық, мазмұндылық;
- жаңашылдығы және практикалық бағыты;
- ғылыми негізділігі және сауаттылық;
- «4К» қабілеттілік диагностикасынан өткен балалардың нәтижелілігіне мониторинг жүргізу.

**2) *«Визит карточкасы»***

Қатысушылар өздерінің кәсіби жағын қызықты түрде таныстырып, бірегейлігін, шығармашылығын, көшбасшылық қасиеттерін және т. б. көрсетуі қажет.

*Бағалау критерийлері:*

- психологияның мазмұнын, әдістерін меңгеру;
- шығармашылық;
- креативтілік;
- кәсіби шеберлік;

Берілетін уақыт-5-7 минут.

**II кезеңде (қорытынды):**

***1) Педагог-психолог, психолог портфолиосы***

*Бағалау критерийлері:*

- ұсынылған ғылыми-әдістемелік материалдың өзектілігі;
- материал мазмұнының пысықталу деңгейі;
- заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану;
- ұсынылған материалдардың нәтижелілігін мониторингілеу.
- «4К» қабілеттілік диагностикасынан өткен балалардың нәтижелілігіне мониторинг жүргізу.

***1) Заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, психологиялық сабақ (шеберлік сабағы) өткізу***

Өткізу түрі: XXI ғасырдың дағдыларын дамыту бағдарламасын жүзеге асыру барысында ақпараттық технологияларды қолдану тәжірибесін көрсететін баяндама жасау. Уақыты -20 минут.

*Бағалау критерийлері:*

- таңдалған тақырыптың мазмұны;
- кәсіби шеберлік;
- шығармашылық ойлау, креативтілік;
- заманауи ақпараттық технологияларды меңгеру.